



D ТҰЛҒА

Қазақ ғылымы мен білімінің іскер ұйымдастырушысы, дара тұлға, танымал ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков биыл 90 жасқа толды.

Өмірбек Арсланұлы, 1930-шы жылы Оңтүстік Қазақстанда дүниеге келген. Жас кезінен аштық, жалаңаштық, жетімдік көріп, қиыншылықтың бәрін жеңіп, өмірді ерте түсініп ержеткен азамат. Әкесінен ертерек айырылып, интернатта, әпкесі Жүрсінаның үйінде жүріп оқып, Шымкенттегі Қ. Сыпатаев атындағы орта мектепті 1949 жылы алтын медальға бітіріп, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) механика-математика факультетіне оқуға түседі. Атақты білім ордасын 1954 жылы қызыл дипломға бітіріп, туған елге келіп, КазХТИ-да (қазіргі М.Әуезов атындағы ОҚУ) оқытушы, аға оқытушы, механика факультетінің деканы қызметтерін атқарады.

Жасынан ғылымға құштар Ө.Жолдасбеков Москваға қайта оралып, кандидаттық қорғап, 1962 жылы Алматыда, Қазақ политехникалық институтына (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық университеті) қызметке келеді. Осы институтта 1962-1970 жылдар арасында доцент, декан, проректор қызметтерін атқарады. 1970-1986 жылдары КазГУ, қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болды.

Жеткен жетістіктермен тоқтамай, қолданбалы есептерді шешу үшін іргелі зерттеулер нәтижесін қолдануға көп көңіл бөлген Ө.Жолдасбе-

НАҒЫЗ ҒАЛЫМ АДАМЗАТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ



ның бірінші вице-президенті болып бірауыздан сайлануы біз үшін, қазақстандықтар үшін үлкен бір абырой, белес бөлді. Себебі Украинадан, Белорусиядан, Кавказдан, Орталық Азиядан келген үміткерлер ондай шыңға жете алмады. Өмекең осы қызметін өмірінің соңына дейін үлкен абыроймен атқарды.

Академик Ө.Жолдасбеков 400-ден астам ғылыми еңбектердің, 20 монография, 30-дан аса оқулықтар мен оқу құралдарының, 126 авторлық куәліктер мен шетелдік патенттердің авторы. Оның 100-ден аса шәкірттері ғылым кандидаттары болса, 25-і ғылым докторы. Өмекеңнің шекпенінен шыққан шәкірттерінің қайсысы болса да осал емес. Олар қазақ даласының қиыр-қиырында, еліміздің түрлі салаларында абыроймен қызмет атқарып, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықтағы ұлттық бол-



лым жолында аянбай төге жүріп, ерен еңбектерінің де жемісін көрген ғалым. Ол өзінің өсу жолында ғылым докторы, профессор, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Инженерлер академиясының академигі, Халықаралық Инженерлер академиясының академигі, АҚШ инженер-механиктер қоғамының мүшесі, көптеген жақын және алыс шетел инженерлер академияларының құрметті академигі атақтарына ие болды. Республикамыздың мемлекеттік сыйлығының лауреаты, В.Г. Шухова атындағы (Мәскеу) және Әл-Хорезми атындағы (Иран) алтын медальдардың иегері, Халықаралық Инженерлер академиясының сыйлығы мен үлкен алтын медалінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері болды. Өмірінің соңына дейін Мемлекетіміздің Парламент мәжілісінің депутаты, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының президенті, Халықаралық Инженерлер академиясының

зақ ұлттық университетінде, М.Әуезов атындағы ОҚУ-де Жолдасбеков атындағы музей, аудитория, зертханалар ашылған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш» деп айтқан болатын. Өмірлік ғұмырында осыншама ізгілік пен игілікті сығымдағандай етіп сыйдырған академик Ө.А.Жолдасбеков өмірден өткенімен оның тарихи еңбектері мен ғылыми мұралары мәңгі жасап, халыққа қызмет ете беретініне не сенімдіміз.

«Нағыз ғалым Адамзат үшін қызмет етеді.

Ал, Өмірбек Жолдасбеков болса, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Дінмұхамед Қонаевтардың ізін ала, сол алыптар қатарында тұратын нағыз академик. Келешекте күрмектен күрші

теулер нәтижесін қолдануға көп көңіл бөлген Ө.Жолдасбеков. Қазақстандағы машиналар механикасы ғылымының ары қарай дамуына, республиканың ғылымы, қоғамдық және шаруашылық өмірдегі жетістіктерінің артуына талантты жастарды ынталандыра отырып, жаңа жолын әркез іздеді.

Академик ғалымның Қазақ мемлекеттік университетіне ректор болып келуі қоғамға үлкен серпіліс әкелді. Қазақтың рухы оянып, ар-намыс болып бұршау атты десе болады. Осы тұс Өмекеңнің іскерлік қабілетінің, ұйымдастырушылық шеберлігінің барынша жарқырай көрінген, айқындалған кезі еді. Бұл кезеңде ҚазМУ бұрынғы Одақтағы үлкен ғылым ошағы және маманданған, білімді азаматтар дайындау бесігіне айналған әлемдегі ең озық университеттер деңгейіне көтерілді. ҚазМУ Одақ көлемінде, Мәс-

кеу, Ленинград, Киев университеттерімен қатар дүниежүзілік университеттер ассоциациясының мүшесі болды.

Ө. Арсланұлы механиканың Қазақстандық мектебін құрып, оны бүкіл әлемге танытты. Ғылыми мектепті құру Совет ғылыми мектебінің басшысы, Ұстаз, КСРО ҒА академигі И.И.Артоболевский ұсынысы, ол жас аспирант Өмірбек Жолдасбековті дара тұлға, машиналар мен механизмдер теориясын дамытудағы оның орнын ғалым ретінде ғана емес ғылымды ұйымдастырушы ретінде көрді.

Соның бір дәлелі – машиналар мен механизмдер теориясының бірінші Бүкілодақтық съезінің Алматыда өткізілуі еді. Академик И.И.Артоболевскийдің қолдауымен 1977 жылғы ММТ-нің Бүкілодақтық I-съезі Алматыда (Моск-

вада емес, Ленинградта емес) өтті. Бұдан соң 1981 жылы теориялық және қолданбалы механиканың Бүкілодақтық VI-съезі де Алматыда өтті. Бұл Қазақстан ғылымының зор жетістігі еді.

Съездер АҚШ, Англия, ФРГ, Италия, Жапония, Финляндия, Польша сияқты көптеген елдердің аты-шулы ғалымдарының кең көлемде қатысуымен өтті және Қазақстанның әлемнің жетекші ғылыми мектептерімен байланысын нығайтуға мүмкіндіктер туғызды. Бұл оқиғалар тарихта қалды.

Ө.А. Жолдасбеков әлемдегі 42 елдің инженерлерінің басын құрайтын Халықаралық Инженерлік академияның (ХИА, Мәскеу) құрылуына және ашылуына үлкен үлесін қосқан. ХИА-ның бірінші жалпы жиналысында Ө.А. Жолдасбековтің осы академия-

қарып, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдықтағы ұлттық болмысымыздың ірге тасын қаласып жатыр.

Мақтанышпен айта алатынымыз, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде де академик Ө.А. Жолдасбековтің шәкірттері ҚР ҰИА академигі, т.ғ.д., профессор А.И. Айнабеков, т.ғ.к., профессор С.Ж. Әбдірашев, п.ғ.д., доцент Қ.Ж. Әжібеков, т.ғ.к., доцент Д.С. Мырзалиев және т.б. абыройлы қызметтерін атқарып, ғылымын жалғастыруда. Профессор А.И. Айнабековтың жетекшілігімен біздің университетте Қазақстандағы бірінші эксперименталдық механика ғылыми мектебі құрылып, 23 ғылым кандидаттары мен 9 ғылым докторлары даярланды. Бұл ұлы ғалым шекпенінен шыққан бір ғана шәкіртінің атқарған ғылыми еңбегінің нәтижесі.

Өмірбек Арысланұлы ғы-

зиденті, Халықаралық Инженерлер академиясының бірінші вице-президенті, Ислам елдері Инженерлік академиялар федерациясының вице-президенті болды.

Еліміздегі ең биік еңбегі үшін, Ленин орденімен, Көрнекті Еңбек Қызыл Ту орденімен, Советтер Одағының және Қазақстан Республикасы медальдарымен нағрадалған, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Академик Ө.Жолдасбеков атын есте қалдыру мақсатында бірқатар шаруалар атқарылды. Алматыдағы «Механика және машинатану» институты, ҚазМУ-дың жастар мен студенттер сарайы, Алматыда, Шымкентте үлкен көшелердің аты, Шымкенттегі №9 мектеп-лицей, Бәйдібек ауданы, Кеңес ауылындағы мектеп Ө.А. Жолдасбековтың атымен аталды. Әл-Фараби атындағы Қа-

ратын нағыз академик. Келешекте күрмектен күріш маржанын тазалап алу үшін Академиктер аллеясы ашылса, арыстан тұлғалы Өмірбек те сол сапта болары хақ», - деп жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза ағамыз баға берген болатын.

Олай болса, Егемен еліміздің жастары «өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін» оларға үлгі болатын қазақтың ұлы тұлғаларының бірегейі академик Өмірбек Арсланұлы Жолдасбеков деп білеміз.

Дархан МЫРЗАЛИЕВ,
М. Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
университетінің
«Механика және
машина жасау»
кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.к.,
доцент